



Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 19 (818) 9 мамыр 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ



Әқылбатты Ұлы Отан соғысының ардагерлері!

Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Ұлы Жеңіс күніне арналған шын жүректен шыққан құттықтауымды қабыл алыңыздар! 9 мамыр – нағыз қаһармандықты, жанқиярлық ерлікті паш ететін қасиетті күн. «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы батырларымыздың ерліктері қазіргі және болашақтағы Отан қорғаушылар үшін үлгі болып табылады», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында атап көрсеткен болатын.

Президенттің тапсырмасы бойынша Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойына дайындық қызу жүргізілуде.

Майдандағы жауынгерлік ерлік пен тылдағы жанқиярлық еңбек Жеңістің басты себебі болды. Сіздердің әскердегі және еңбек даласындағы көзсіз ерліктеріңізді ешқашан естен

шығармаймыз. Біздің қазіргі міндетіміз – сол қанқұйлы соғыс туралы тарихи шындықты, көзі тірі және қазіргі таңда батырларымыздың ерлігін мәңгілік есте сақтау және ертеңгі күнге жеткізу.

Қымбатты жерлестер!

Майдангерлердің ерліктері, олардың туған жерге адалдығы мен сүйіспеншілігі, батырлығы мен қаһармандығы бүгінгі және болашақ ұрпақтың жадынан ешқашан өшпейді. Мереке күндері барлығыңызға игілік, денсаулық, молшылық тілеймін. Ең бастысы аспанымыз ашық болсын! Біздің халқымыз әрқашан достықта, ынтымақта және бірлікте өмір сүре берсін!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының өкімі.

Құрметті тыл еңбеккерлері, еңбек ардагерлері, мағжандықтар!

Сіздерді өте қымбат мереке - Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймын! Бұл Қазақстан тағдырында және оның әрбір азаматының жүрегінде мәңгілікке сақталатын орасан зор адамгершілік маңызы мен біріктіруші күш бар мереке.

Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің қатары жыл сайын сиреп барады. Бүгінгі таңда ауданда Ұлы Отан соғысының бірде-бір қатысушысы қалған жоқ. Жеңістің 79-жылдығын биыл 1-қондағерь тұтқыны, 144 тыл еңбеккері қарсы алып отыр. Біз сабырлы еңбек ететіндерді, болашаққа жоспар құрып, балаларымызды тәрбиелейтіндерді құрметтейміз және есімде сақтаймыз. Бұл естелік

туған жердің әл-ауқаты мен өркендеуіне бағытталған игі істерде өмір сүреді. Біздің міндетіміз - Ұлы Отан соғысы туралы естелікті сақтау, балалар мен немерелерді ардагерлердің ерлігін құрметтеуге тәрбиелеу, берілген бостандықты қорғау және Отан қауіпсіздігін сақтау!

Құрметті жерлестер!

Осы айтулы және қасиетті мерекеде баршаңызға шын жүректен зор денсаулық, амандық, бақыт және ұзақ өмір тілеймін! Мереке құтты болсын, қымбатты жерлестер! Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Қайрат ОМАРОВ,
Магжан Жұмбаев ауданының өкімі.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

БЕЙБІТ КҮНІНІҢ ҚАҒАРМАҢДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

-Құрметті Отан қорғаушылар! Сіздер су тасқыны кезінде алғы шепте жүріп, шынайы патриотизм мен ерен еңбектің, әскери анта адальдықтың ерен үлгісін көрсеттіңіздер. Қиын шақта адалдық пен адамгершіліктің биік үлгісін көрсете білген сіздердің қолдауларыңыз бен көмектеріңізді халық ешқашан ұмытпайды. Сын сағатта елдік мұрат жолында барлық күш-жігеріңізді аямай, жанашырлық пен елжандылық көрсеткен қырағы қызметтеріңіз үшін барша Магжан елінің атынан шынайы алғысымызды білдіреміз, - деді аудан басшылығы.

Іс-шара аясында су тасқынымен күрес кезінде ерекшеленген азаматтарға Алғыс хаттар табысталды. Марапатталғандардың арасында механизматорлар, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен жеке кәсіпкерлер, полиция бөлімі мен ТЖ бөлімінің қызметкерлері, сондай-ақ ауылдық округтер мен Булаев қаласының өкімдері болды. Марапатталғандардың әрқайсысы су тасқынына қарсы іс-шараларға белсенді қатысып, шынайы патриотизмнің, адалдықтың және ерен еңбектің үлгісін көрсетті.

Аудан өкімінің баспасөз қызметі.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесі қарсаңында аудан өкімінің аппаратында «Еліміздің қорғаны» атты салтанатты іс-шара өтті. Биыл елдің бірқатар өңірлерін су басып, қазақстандықтарды біраз өбегерге салғаны белгілі. Қазір тасқын қауіп сөйліп, бірнеше ай бойы бойын үрей билеген елдің көңілі орнына түсті. Қазір өңірлерде бүлінген мүлікті қалпына келтіру, жәрдемақы мен өтемақы төлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Біздің ауданның аумағында топан суға жол бермей, өкімдіктер, төтенше жағдайлар бөлімінің ұжымы, кәсіпкерлер, әскерилер, қарапайым тұрғындар бір адамдай жұмылып, елді мекендерді аман алып қалды. Ал бүгін тосыннан төнген қатерге қарсы күреске күш біріктірген бейбіт күннің қаһармандары марапатталды.





1 мамыр – бірлік пен ынтымақ күні мерекесінде мажандықтар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Бірге Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберінде ағаш егу жұмыстарын жүргізді. «Достық» демалыс саябағында өткен республикалық акцияға аудан басшылары, еңбек ұжымдары, ардагерлер, этнос өкілдері, белсенді жастар, волонтерлер қатысып, қолдау білдірді. Жалпы бұл күні аудан аумағында сенбіліктер ұйымдастырылып, тұрағындар, ағаш көшеттерін егіп, аулаларды қоқыстан тазартып, бағандар мен қоршауларды әктеп, сырлады.

СЕНБІЛІККЕ ҰЛАСҚАН МЕРЕКЕ

– Жалпы көктемгі ағаш егу акциясы басталғалы алта сайын ауданның елді мекендері бойынша, соның ішінде аудан орталығында әртүрлі ағаштар егілуде. Булаевтың жасыл желекке айналып, ауданымыздың көркеюі әрбір тұрғын үшін маңызды болуы қажет. Дана халқымыз «Адам – табиғаттың төл перзенті» демей ме, олар көктем келісімен-

ақ ауласын тазалап, үйінің айналасына гүл, жасыл желектер егіп, су ағатын арықтың, каналдардың көзін ашқан. «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын» дегендей, сондықтан әрбір аудан тұрғыны бір отбасындай ортақ іске жұмылып, «Таза Қазақстан» акциясына өз үлестерін қосып жатыр, – дейді аудан әкімі Қайрат Омаров. Сондай-ақ аудан басшысы

акцияға қатысушыларды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтап, еліміздің көркеюіне атсалдырып жатқан мағжандықтарға ізгі тілектерін жеткізді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.
Суреттерді түсірген
Қанат ӨТЕМУРАТОВ.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

МЕРЕКЕ КҮНІ БАТЫР ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



1992 жылы 7 мамырда Президентіміз Қазақстан Республикасының Қорғаныс күшін құру туралы жарлыққа қол қойды. Бұл мереке әр кезде батылдық пен ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі болды. Осы орайда, 7 мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесінде Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының алдында іс-шара ұйымдастырылды.

Бүгінгі тыныш өмір ата-бабаларымыз қалыптастырған берік бірлік нәтижесінде келді. Ер жігіттің құл болмай, ару қыздың күң атанбай, халықтың бірлікте өмір сүруі нақ солардың арқасында! Қазақ жерін жоңғар шапқыншылығынан қорғауда ғажайып ерлік көрсеткен, сөйтіп есімі халықтың жүрегіне мәңгі сақталған батыр Баян Қасаболатұлы 1714 жылы Мағжан Жұмабаев ауданының Аралағаш ауылында дүниеге келген. 17 жасында жауынгерлік өнердің қыр-сырына қанығып, жоңғар шапқыншыларымен шайқастарда қол бастап жүрген батыр. Тарбағатай таулары мен Аягөз маңында болған сексен күнге созылған сұрапыл қырғынды ұрыста ол батылдығымен, ержүректігімен ерекшеленеді.

Мерекеге арналған жиыңға аудан әкімінің орынбасары Азамат Шөріпов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова, аудандық ішкі істер бөлімі басшысының орынбасары Жасқайрат Қайыржанов, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы Нұржан Мелдебеков, Булаев қаласының әкімі Азамат Қыраубаев, «Аманат» парти-

ясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжін, Батыр Баянның ұрпақтары және ұстаздар мен оқушылар қатысты. Жиналған жұртшылық батыр жерлесімізге тағзым етіп, ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Жалпы бұл күнгі іс-шараның мақсаты – жас ұрпақты ерлік рухта тәрбиелеп, «Отан үшін жан пид» деп өмір сүрген ата-бабаларымыздың ерлік істерін есте сақтау.

Іс-шарада алғаш болып сөз тізгінін алған аудан әкімінің орынбасары Азамат Шөріпов, бар өмірін қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек Баян батыр барша халық үшін биік тұлға екенін атап өтті. «Сондай-ақ өркіндікті ту өткен әйгілі батырлардың ұлағатты істері біз үшін асқан мақтаныш әрі таптырмас үлгі екенін де тілге тиек етті. «Құрметті жерлестер! Сіздерді аудан әкімінің атынан және өз атымнан 7 мамыр - Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің өркіндігін сақтау енді біздің басты борышымыз», - деді ол.

Шара соңында жиналған халық батырымыздың ерліктерін тағы бір мәрте естеріне түсіріп, отанға, елге деген сүйіспеншілігін арттыра түсті.

Қанат ӨТЕМУРАТОВ,
суретті түсірген автор.

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ ҚАРИЯЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

9 мамыр – Жеңіс күні қарсаңында аудандық мәдениеттің төрағасы Айзада Рахметова, «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжін, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Ерлік Шығайұлы және Булаев мектеп-балабақша-бөбейжай кешенінің оқушылары Булаев қаласында тұратын Ұлы Отан соғысы ардагерінің жесірі Ольга Тербылсаға және алғашқы тың иерушілердің бірі, тыл еңбекшісі Валентина Жексеринаға барып, құрмет көрсетті.

Бүгінгі таңда ауданда соғыс ардагерлері қалмаса да, тылдағы ерен еңбегімен Ұлы Жеңісті жақындатырған олардың жесірлері, тыл еңбеккерлері бар. Сондықтан оларға қамқорлық көрсетіп, назар аударып, барынша қолдау жасау – бүгінгі күннің парызы.

Құрметті қарияларға сый-сияпат жасаған меймандар сырнайдың сүйемелденуімен соғыс кезіндегі өңдерді орындап, тақпақтар айтып, қарттардың көңілін бір көтеріп

тастады. Өз көзегінде балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келген жандар көп қиыншылық көргендерін айтып, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жақындары туралы естеліктерімен бөлісті. Осылайша, аға буын өкілдері аудан басшылығына батырлардың ерлігін дәріптеуге бағытталған түрлі іс-шаралары үшін ризашылықтарын айтып, алғыстарын жеткізді.

Еркін ТӨЛЕГЕН,
суреттерді түсірген автор.



САҒЫНТАЙ МАЙЛАШЕВ - «МАҒЖАН БАРЫСЫ - 2024»

1 мамыр күні Булаев қаласындағы Батыр Баян атындағы дене шынықтыру және спорт кешенінде қазақ күресінен жыл сайынғы дәстүрлі «Мағжан барысы - 2024» аудандық турнирі ұйымдастырылды.

Жалпы қазақ күресі — қазақтың ұлттық күресі. Ол қазақ халқының ерте кезден қалыптасқан спорт ойындарының бірі. Басқа халықтардың ұлттық күрес түрлерімен салыстырғанда қазақ күресінің өзіндік ерекшеліктері көп. Көнек дәуіріне дейін қазақ күресі негізінен әдет-ғұрыпқа байланысты және еңбек процестерінде жеткен жетістіктерін дәріптейтін жиын-тойларда өткізілсе, қазір бұл жекпе-жек өнері үлкен сұранысқа ие, ал қазақ күресі бойынша жарыстар мерекелер мен салтанаттарда жиі өткізіледі.

Бұл күнгі шараның басты мақсаты - ұлттық спорт түрлерін насихаттау болғандықтан жарыс 80 келіге дейінгі оқушылар, 90 келіге дейінгі ересектер және 90 келіден жоғары салмақтағы балуандар арасында өткізілді.

Тәзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, көрек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандыратын спорт түрі өте қызықты әрі тартысты өтті. Соның нәтижесінде 80 келіге дейінгі оқушылар арасында Диас Ташеновке (Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп) тең келер ешкім болмады,

сондықтан Макар Музиков пен Рустам Кенжеболатов (екеуі де – Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы) 2-ші және 3-ші орындарды өзара бөлісті.

Ал 90 келіге дейінгі балуандар арасында құрмет тұғырына кілең қарақалықтар көтерілді, мәселен, Жақсылық Аленов жеңімпаз атанса, Жаслан Бөкелбаев күміс жүлдені, ал Сәбит Мәліков қола медальды ұтып алды.

«Спорт десе, ішкен асын жерге қоятын» жанкүйерлер асыға күткен түйе балуандар сайысы да тартысқа толы өтті. Боз кілемде қарсылас шақ келтірмей, сапалы әдіс-тәсіл қолдана білген Сағынтай Майлашев (Булаев қаласы) алтыннан алқа тағынды. Ал Құралай ауылының намысын қорғаған Амангелді Бәкіров пен Шоқан Құсайынов жарыстың күміс және қола жүлдегерлері атанды.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, дипломдармен, медальдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды. Түйе балуан сайысында 1-ші және 2-ші орын алған спортшылар «Қызылжар барысы - 2024» облыстық турнирінде аудан намысын қорғайтын болады.

Еркін ТӨЛЕГЕН,
Суреттерді түсірген
Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

3 мамыр күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте «Мағжан оқулары» Республикалық байқауының аудандық кезеңі өтіп, оған 43 білім алушы қатысты. Аудандық кезең сайысы III номинация бойынша өткізілді. I, II, III орын алған оқушылар дипломдармен және белсене қатысқандары үшін сертификаттармен марапатталды. Сайыс қорытындысы бойынша ауданның түкпір-түкпірінен келіп, бақ сынасқан балалар келесідей орындар иеленді.

«Өлең - менің Шолпаным, Айым, Күнім» номинациясында:

- 1 орын – Родионова Анастасия – Еңбекшіқазақ орталық мектебі;
- 2 орын – Рамазанова Снежанна – Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп;
- 2 орын – Панова Анастасия – Қарағанды орта мектебі;
- 3 орын – Мунг Денис – Возвышенка орта мектебі;
- 3 орын – Құлмбетов Алпат – Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп;
- 3 орын – Есембек Жания – Совет орта мектебі.

«Ақында бір балағой айға ұмтылған» номинациясында:

- 1 орын – Айтпек Анель – Еңбекшіқазақ орталық мектебі;
- 2 орын – Қалмаханов Дінмұхаммед – Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп;
- 3 орын – Орынбасар Мерей – Бенаш орталық мектебі;
- 3 орын – Ибраева Ақерке – Сартомар орта мектебі;

«Жасынан оқу оқып, өнер қуған» номинациясында:

- 2 орын – Ғалым Аяулым – Возвышенка орта мектебі;
- 2 орын – Орынбасар Гүлназ – Возвышенка орта мектебі;
- 3 орын – Дүйсебек Бибіжан – Қызыл Қазақстан орталық мектебі;
- 3 орын – Есембек Жания, Есембек Данияр – Совет орта мектебі.

Жеңімпаз оқушылар енді облыстық кезеңде аудан намысын қорғайтын болады. Сондықтан оларға сәттілік тілеп, жеңіспен оралуын тілейміз.

Гүлмира ДУНБАЕВА,

ДӘСТҮРЛІ «МАҒЖАН ОҚУЛАРЫ»

Мағжан Жұмабаев – қазақтың көрнекті ақыны, оның шығармашылығы тек тұран өлінде ғана емес, одан тыс жерлерде де белгілі. Ол өзінің талантының күшімен, жүрегінің құмарлығымен және шығармашылық қолжазбасының бірегейлігімен оқырмандарды баурап алды. Осыған орай, ұлы ақынның шығармашылығын еске алу үшін оқушылар Мағжан өлеңдерін білуге, сондай-ақ өз шешендігін, актерлік шеберлігі мен жазушының талантын көрсетуге мүмкіндік беретін «Мағжан оқулары» байқауын өткізу жақсы дәстүрге айналды.



ПІКІРСАЙЫС

ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ - «ЛИДЕР» КОМАНДАСЫ

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай, аудандық Мәдениет үйінде Булаев қаласындағы кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжінің II ашық кубогына арналған пікірсайыс турнирі өтіп, онда 16 команда бақ сынасты. Биылғы жылы пікірсайыс турниріне қатысушылардың географиясы едәуір кеңейіп, Петропавл қаласынан Ескендір Даутов атындағы қызмет көрсету саласы колледжінің, Аққайың ауданының аграрлық колледжі мен Жәлел Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжінің студенттері жарысқа қатысты.

32 жас сөз шеберлерінің басын қосқан ойын өте қызықты әрі тартысты өтіп, соның нәтижесінде «Алтын ұрпақ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының командалары және Булаев мектеп-балабақша-бөбекжай кешенінің өкі командасы ақтық сынға жолдама алды.

Финалдық ойында пікірсайысшылар бар білімі мен шеберлігін ортаға салып, кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжінің кубогы үшін барын салды. Жарыс қорытындысы бойынша Булаев мектеп-балабақша-бөбекжай кешенінің «Лидер» командасы – пікірсайыс турнирінің жеңімпазы атанды. «Алтын ұрпақ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының «Хашира»



командасы екінші орынды иеленсе, Булаев мектеп-балабақша-бөбекжай кешенінің «Абсолют» атты тағы бір командасы жүлделі үшінші орынды жеңіп алды. Мағжан Жұмабаев аудан өкімінің орынбасары Азамат Шәріпов жеңімпаздар

мен жүлдегерлерге кубок пен дипломдар табыс етіп, ол жастардың зияткерлік бос уақытының мұндай түрлері дәстүрге айналып, ауданда пікірталас қозғалысын дамытуды ынталандыруы тиіс екенін атап өтті. Осылайша, колледжі кубогы

екінші жыл қатарынан Булаев мектеп-балабақша-бөбекжай кешеніне аттанды.

Барлық пікірталастардың басты дәстүрі - турнирдің үздік спикерін құрметтеу. Кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжі кубогының MVP марапатын Мағжан Жұмабаева аудандық мәслихат төрайымы Айзада Рахметова табыс етті. Айзада Нұрланқызы жан-жақты дамыған жастар - Қазақстанның болашағы, бұл біздің елімізді өлемдік аренада ігерілететін түрлі салалардағы болашақ жоғары білікті мамандар екенін атап өтті. Ал, smart-сағат естелік сыйлығы мен дипломға ие болған турнирдің үздік спикері болып Нұрбол Нұрмағанбетов танылды.

Сондай-ақ бұл күні «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов те балаларға қызықты пікірталастары үшін алғысын білдіріп, «Аманат» партиясы атынан финалдық ойынның ең жарқын ойыншы атанған «Altyн ұrpaқ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының тәрбиеленушісі, Қарақоға орта мектебінің оқушысы Мария Бойкоға естелік сыйлық ретінде смартфон мен диплом табыстады.

Батыр ӘБІЛМӘЖІНОВ,
Булаев қаласындағы кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

15 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

90 ЖАСТАҒЫ БАТЫР АНА

Ана – тіршіліктің алтын арқауы. Өмірге сәби әкеліп ғана қоймай, оған тағылымды тәлім беріп, мейірім-махаббатын төгеді. Бойына жақсы қасиеттерді дарытып, ел мүддесі үшін аянып қалмайтын ұрпақ тәрбиелейді. Бұл қазақ ел болғалы бері ақ жаулықтың аналарымыздан келе жатқан үрдіс десек артық айтқанымыз емес. Осы ізді жалғап, он баланы дүниеге әкеліп, оларға үлгілі тәрбие беріп, алтын құрсақты ана атанған Қалия Көпейқызы Шахметова бүгін мерейлі 90 жасқа келіп, отбасын қуанышқа бөлеп отыр.



қызмет етеді.

Төртінші болып туған – Мақпал 1960 жылдың 21 наурызында дүниеге есігін ашқан. Сарытомардағы мектеп жанындағы интернатта аспазшы болып жұмыс істеп, жасына байланысты зейнетке шыққан. Өмірлік жарымен ауылда төрт қыз бен бір ұлды өмірге әкеліп, өсіріп өндірген.

Отбасындағы бесінші қыз – Гүлнәр 1962 жылы 14 тамызда туған. Мағжан ауылдық округінде статист маманы болып жұмыс істейді. Өмірге әкелген үш ұл мен бір қыздан тараған немере-жиекдерінің апасы.

1964 жылы 7 қазанда Сарытомар ауылында дүниеге келген алтыншы қыз – Гүлшат та ағалары сияқты Алматыдағы Политехникалық институтының инфор-

матика бөлімін бітірген. Жоғары білім алған ол қазір Көкшетау қаласында банкте қызмет етеді. 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отыр.

Жетінші қыз – Гүлзада 1967 жылы 22 сәуірде туған, жоғары білімді заңгер, Бескөлде мемлекеттік кірістер басқармасында салықшы-бас маман қызметін атқарады. Отбасында асыл жар, үш ұлдың анасы.

1969 жылдың 19 қазанында өмір есігін ашқан Гүлзия Қарағанды экономикалық колледжін бітірген. Сол жақта тұрмысқа шығып, Жаңарқа ауданы Ақтау ауылында пошта байланысы торабының меңгерушісі болып қызмет етеді. Отбасында үш ұл мен екі қыз тәрбиелеп отырған көпбалалы ана.

Жанұядағы тоғызыншы бала,

ұлдардың ішіндегі кенжесі – Нұрсұлтан 1973 жылы 22 қарашада туған. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін денешынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген Қазір Мағжан ауылдық округінің әкімі лауазымында еңбек етеді. Өмірлік жары екеуі 2 ұл мен үш қыз тәрбиелеп, алтын құрсақты Қалия аналарын күтіп отыр.

Отбасының ең кенже қызы – Нұрсұлу 1976 жылы 16 сәуірде дүниеге келген. Ол да Манаш Қозыбаев атындағы СҚМУ тәмамдап, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алған Қазіргі таңда Петропавлдағы ауыр машина жасау зауытының кадр бөлімінде жетекші маман болып жұмыс істейді, бір қызы бар.

Бүгін тоқсан жасқа жатқан әжей ұлдарын уяға, қыздарын қияға қондырып, бейнеттің зейнетін көріп немере-шөберелерінің қызығын көріп отырған ақжаулықты әже. Он бала тәрбиелеп өсіргені үшін Қалия Шахметова 1977 жылдың 10 тамызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «Аналық медалімен» және 2002 жылдың 19 тамызында ҚР Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұйрығымен «Алтын алқан» алқасымен марапатталған.

«Құдайға шүкір, отағасы екеуміз балаларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтықтырмай, мөлелеп өсірдік. Бұл біздің ата-аналық парызымыз ғой. Әйел ұлын ең бастысы – өмірге ұрпақ әкелу. Себебі балалы болу – өмірдегі ең үлкен бақыт. Әр баланың денсаулығына, білім алуына назар аударып, иманды, ізетті, адал еңбеккер етіп тәрбиелеуге бар-мымызды салдық. Сықылықтап күлген күлксіміз, әрбір қызық қылықтарымен таңқалдырған жас сәби адам өмірінің жалғасы ғой. Сондықтан бүгінгі жас отбасылар бір-екі баламен шектеліп қалмаса екен», – дейді көпбалалы ана.

Тумысынан халқымыздың барлық салт-дәстүрін бойына сіңірген Қалия әжемізді қазақтың ақжолтай аналарының көшін жалғастырушы деп бағалауға болады. Бұл өңгелі әулеттің өмір жолы мен істеген тірілігі жастарды мәнді де сәнді өмір сүруге шақырып тұрғандай. Сондықтан өңгелі Қалия Көпейқызын мерейтойымен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық, бала-шағасының қызығын көрер ұзақ ғұмыр тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

Сарытомар ауылында тұратын Қалия әже 1934 жылы 14 мамырда бұрынғы Совет ауданы Байсал ауылында дүниеге келген. Небәрі 4-сыныптық білім ғана алған ол еңбекке ерте араласып, соғыс жылдарындағы қиын қыстау кезінде ба-сыннан өткереді. Иә, ол кездегі балалар ерте өсейіп, бақытты балалық шақ тек түстеріне ғана кіргенін біз жақсы білеміз. Елге салып, астық жинап, масақ теріп, күн көрген сол кездегі отбасылардың жағдайы қиынның қиыны еді. Дегенмен қазақ халқы еңсесін түсірмей, майдандағы жеңістен кейін есеңгіреп қалған елді қалпына келтіру ісіне белсене араласып, аябай еңбек өткен еңбеккер ұлт қой. Осы уақытта халық бар күшін салып, күн демей, түн демей, жұмыс істеп, туған жерді көрейтіп дамытуға өз үлестерін қосты. Өзі сияқты жастармен бірге ауылда Қалия Көпейқызыда қажырлы еңбек етіп, бүгін тыл еңбеккері атағын алған еңбеккер жан Әжемәзізді Құдай қосқан қосағы, 1928 жылы 28 мамырда Сарытомар ауылында туған Қазтай Сәдуақасұлы да нағыз ауыл еңбеккері. Ол өмір бойы мал өсіріп, жылқы баққан есеп жүргізуші болған қарапайым жұмысшы. Бірнеше рет Алматыда өткен Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне барған еңбек ардагері.

Осындай қарапайым да үлгілі жанұяда 10 бала дүниеге келген екен. Балалардың үлкені – Жұбаржат 1953 жылы 8 наурызда туған. Ресейдің Омбы облысы Есікөл ауданы Қасқат ауылына тұрмысқа шығып, 1 ұл мен 3 қыз тәрбиелеп өсірген. Өкінішке орай, ол 2018 жылы 65 жасында қайтыс болған.

1954 жылдың 9 тамызында Шахметовтар отбасында тұңғыш ұл – Нұрыш дүниеге келген. Жоғары білімді ол – Алматы қаласындағы Политехникалық институтында компьютер саласы бойынша алған. Приозерск қаласында және Қарағандыдағы Медициналық академиясында көп жылдар қызмет етіп, құрметті зейнетке шыққан ол қазір Астана қаласында тұрады. Жұбайы екеуі – екі ұл мен бір қыз өсіріп отыр.

Жанұядағы үшінші бала да ұл 1957 жылы 10 қазанда туған – Нариман. Ол да ағасының жолын қуып, Алматыдағы Политехникалық институтты бітірген. Бүгінгі таңда Петропавл қаласында «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-да Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының басшысы. Мөлелеп өсірген егіз қызы ҚазМУ-дің экономика факультетін бітіріп, қазір банк саласында

ҰРПАҚА ҮЛГІ БОЛҒАН ҰЛАҒАТТЫ ОТБАСЫ

Отбасы – қазақ халқы үшін ең қастерлі ұғым. Қоғамды азғындап кетуден сақтап, адамды малдан бөлектеп тұратын да отбасы институты. «Балапан уяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» және «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген мақал-мәтелдер айтқандарымызның айғағы іспеттес. Отбасының татулығы еліміздің тыныштығының күретамыры.

Әлем жұртшылығы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы бекітуімен 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні болып аталып өтеледі. Қанша тойласа да артық етпейтін мереке болғандықтан біз бүгін үлгілі әрі ұлағатты жанұялар туралы сыр шертуді мақсат етіп отырмыз.

Булаев қаласында тұратын қариялар Бекұхамбет пен Зубайра Тілеуовтар 63 жыл бір шаңырақ астында өмір сүріп келеді. Бүгінде 6 баладан 12 немере-жиекпен, 7 шөбере-жиекпен сүйіп отыр. Осыдан 60-жылдық гауһар тойын балаларының арасында қарсы алған қариялар бүгіндері ұлдары мен келіндеріне ұдайы бағыт-бағдар беріп отырады. Бақыттан жүздері бал-бұл жайнап отырған Бекұхамбет ақсақал мен Зубайра әжей немере-шөберелерінің қызығына бір тойған емес. Қарияларға бұдан асқан бақыт жоқ.

Бекұхамбет атамыз 1938 жылдың 2 наурызында дүниеге келсе, Зубайра әжеміз 1945 жылдың 24 наурызында туған екен. Ақсақал ата-анасынан ерте айырылып, жастайынан әжесінің тәрбиесінде



болған. Әжесі 1944 жылы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан. Әлеуметтік желі арқылы балалары майдангердің жерленген жерін тауып, Беларусьдағы мемориалдық тақтаның суретін жіберген.

Бекұхамбет атамыз бен Зубайра әжеміз 1961 жылы 8 сәуірде отау құрып, отбасылық өмірді бастаған екен. Бірақ отағасы әскер қатарына шақырылып, үш жыл Отан

алдындағы борышын өтеген. Отанасы болса, осы жылдар бойы күйеуін күтіп, әскерден қарсы алған.

Бекұхамбет Тілеуов Булаев ауданы Суворов кеңсариында жүргізуші болып еңбек етсе, Зубайра үй шаруасында болып, бала тәрбиесімен айналысқан. Ерлі-зайыптылар алты бала тәрбиелеп өсірген. Барлығын оқытып, бір маман иесі атанулары үшін күш салған. Қазір

барлығы Булаев қаласында тұрып, әр салада қызмет етеді. Қадірлі қариялар Булаев қаласына 2003 жылы көшіп келген. Сол уақыттан бері олар үлкен ұлдары Серікпен және келіні Раушанмен бірге тұрады. Серік жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Екінші ұлдары Құрманғали шекарашы болып жұмыс істеп, қазір әскери зейнетке шыққан. Үшінші ұлдары Жанат – автожүргізушілерді дай-

ындайтын ұйымның басшысы. Үлкен қыздары Сәуле Исаева «Балдәурен» балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс істейді. Ортанғы қыздары Зәуреш Жұмабаева Медвежка орта мектебі жанындағы шағын орталықта тәрбиеші болса, кенже қыздары Айнагул Салықова аудандық қорғаныс бөлімінде қызмет атқарады.

Бүгінде құда деген құрметті атқа сан мәрте ие болған құрметті қарттар ұлдарын уяға, қыздарын қияға қондырған үбірлі-шүбірлі үлкен әулетке айналды. Бекұхамбет атамыз көпжылғы адал еңбегі үшін талай мәрте Құрмет грамоталар мен Алғыс хаттарды иеленген қарапайым ауыл еңбеккері. Ал Зубайра әжеміз ҚР Президентінің Жарлығымен «Күміс алқа» алқасымен марапатталған көпбалалы ана.

Байқасаныздар қарапайым ауылда тағдырлары тоғысқан кезіндегі екі жастан тараған ұрпақ бүгіндері сан саланың соңында жүріп бірінен-бірі озғандар. Ұлтқа абыройлы қызмет ету де үйдегі тәрбиенің жемісі екендігін осындай дан аңғаруға болады. Махаббатыра ескірмей гауһар тойдан асып бара жатқан қос ғашықтың өмір жолы үлкен өмірге аяқ басайын деп тұрған жастарға үлгі етуге тұрарлық. Ендеше, қызыналы қарияларымыз жасай берсін дейміз.

Гүлжан ЖАНСҮГРОВА, аудан әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы.

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Бес жылғы қарғыс атқыр сегізстің бар ауыртпалығы, бар шаруашылық елдегі қалған шал-шарқан, әйелдер және буыны қатпаған бала-шағаның мойындарында белген гөй. Елге сегізстің аман ералаған азаматтардың ішінде қал-аяғы сау келген және ең екі мүшесінің бірінен жарақат алып жүздек белып келген жанның бірі - Зейіншабиден ақсақал еді. Осының бәрін көзімен көріп жүреді қан жылып мүсіне білген, үлкенге бас иіп, қызмет етіп кішіге ізет көрсетіп жанашырлықпен күні-түні адал еңбек еткен, не деген патристты, рухты, қасиетті күш-қуат. Отан қарғау, елін сүйе, туған жерін сүйе, ұлтжандылық, елжандылық, әрбір бабаларымыздың қашанда бейында болған асылдың дүниеге тұнып тұрған баға жетпес бір әлем көзі емес пе?! Отанды қарғаған әрбір сегізс ардагеріне, елде жылда адал еңбегімен жан сақтаған ұлы бабаларымыз бен аналарымыздың аруағына тағзыммен бас иіп, дұға жасап жүру - бүгінгі ұрпақтың парызы.



Илеупаев Зейнш
1912-1982 г.г. Рудной, стрелок СФ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс елдегі ағайынды қатты қуантқаны белгілі. Сондықтан мен бүгін еліне елеуді, халқына қалаулы болған, Ұлы Отан соғысының ардагері Илеупаев Зейнш (Зейіншабиден) Елеусізұлы туралы естелігімді баяндаймын.

Халқымызда «Жақсы адамның өзі өлсе де, аты өлмейді» немесе «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген асыл сөз бар. Ал осынау сөз мәйегі жұптаса келіп, бір адамға лайық болса, әрине, мұның маңызының арта түсетіндігі анық.

Мақаламыздың арқауына айналып отырған Зейнш Илеупаев 1941 жылы соғыс басталған күннен алдыңғы қатарда жаумен шайқаста болған майдангер. 1943 жылы ол Сталинград түбіндегі шайқаста оң қолынан жараланып, еліне оралған екен. Ел жұрты қанды соғыстан оралған азаматына сенім артып, колхоз председателі етіп сайлаған. Сол бір отты жылдары ел басқарып, күн демей, түн демей халқына адал қызмет еткен жан.

Ел іші тозған, соғыстың зардабы шағын ауылдарға да келіп жеткен еді. Ер азаматтар майданға аттанып, елде қалған жас бала-шаға, көрі қариялар көптеген қиыншылықтарды бастан кешіп жатқан шақ.

1943 жылдан 1956 жылға дейін «3-ші Пятилетка» колхозында басқармашылық қызмет жүргізген Зейншпен бірге бухгалтер Кулбаев Жүкен (Рыскелді) қызмет еткен екен. 10-15 шақты ауылдар бір колхозға біріктірілген, басым көпшілігі қарауылдықтар мен бірге Бинаш ауылының тұрғындары. Мал басы 2-3 жылқы, қара малдан азын-аулақ сиыр және өгіздер болған. Жалпы колхоз өгіздері шаруашылыққа көлік ретінде пайдаланған.

Бинаш ауылына келместен бұрын кейіпкеріміз Құралай (казіргі Керей), Кемел ауылдарында тұрған. 1945 жылы ұлы дүниеге келген. Соғыс біткен жылы басқарма ұлының атын Батыркерей деп қойған екен. Қызы Құлбаршын Кемелде дүниеге келген. 1956 жылы Байшілік (Ленин) ауылына көшіп келген. Зейнш басқарған мал шаруашылығы 500 га егістік жерлерден өнім алған колхоз жақсы көрсеткішке қол жеткізген. Ол кісінің өзінен естіген сөзін еске түсірсек, «Ел басқардым, бір адамды соттатқан жоқпын, бір адамды айдатқан жоқпын» деп айтып отыратын. Ел-жұртымыздың көзі көрген қарттардың айтуы бойынша ол кешпейл, ақ жарқын, өз ісіне жауапкершілікпен қараған, қолынан келгенше қолы қысқа адамдарға көмек көрсеткен, көпшіліктің көңілінен шыға білген адам деуші еді.

Соғыскезінде,соғыстанкейінгіжылдары да халықтың тұрмысы ауыр болды. Сол жылдары ол халқын қыспақтамай, бәрін бір іске жұмылдырып, ақылмен ұстай білген. Соған мысал ретінде Зекең туралы айтылған бір әңгімеге тоқталайын. Әртүрлі науқан кезінде аудандан арнайы уәкіл келіп, жұмыстарды тексеріп жүреді екен. Заң қатаң, бір уыс бидай үшін сотталып кететін шақ. Күздің айында қырман аралап жүрген уәкіл Зекеңмен бірге жүреді. Сол сәтте, ағашты бауырлап, жүгіре басып, қолында шелегі бар бір әйел шыға келеді. Уәкіл Зейншке қуып жетіп қарашы, шелегіңде не бар екен? – деп түсі бұзылып әмір етеді. Қолында қамшысы бар іштей өбіржіген Зейнш әйелге жетіп, қолынан шелекті алып қараса, ішінде

дорба жатыр, ал оны ішінде бидай бар екенін көріп, «көкел маған қауға шелекті» деп, дорбаны қамшының сабымен тіреп шелекті жоғары уәкілге айғайлап көрсетеді бос сияқты қылып. Құдай қағыс қылып, уәкіл де күн ұзақ ат үстінде шаршаған алыстан көріп, жақындамапты. Осындай тапқырлығы бар ағамыз бидай алып бара жатқан әйелге араша түсіп, оны аман алып қалған екен. Егер де сол әйел ұсталса, не болары, әрине, бәріне түсінікті. Күзде масақ терген әйелдердің барлығы жұмыстан кейін үйіне бір уыс бидай тығып, бала-шағасына алып қайтатын. Қолдары домбығып уыстап алып, үйлеріне әкеліп, қол дирменге салып үгітіп, бала-шағасын асыраушы еді. Соны көріп жүрген Зекең, көрсе де көрмеген болып теріс айналып кетеді екен.

Елдің бас көтерер азаматтарының, соғысқа қатысқандары елден дом-түз бұйырмай қаншамасы қанды қырғын соғыстан оралмай, елдің топырағы бұйырмай шетте қаза тауып, қалып қойған. Елде жұмыс қолы жетпеген, жүдеген бала-шаға, шал-шауқандар тұрмысы өте ауқалтан ауыр болған. Қысқаша айтқанда, бір уыс бидай, бір ұым нанмен бір күшәк шөп, бір күшәк қалың дүниенің байлығындай болған. Ол кезде отын дайындауға орманға баратын көлік жоқтың қасы. Колхоздың ат-өгізін ешкім жеке бас шаруасына пайдалана алмаған. Басшылық заңнан қорқып, рұқсат та бере алмаған. Кейбіреулерінің отыны болмай қалып, суықтан үйлері қаңырап, бала-шағасы жуарап отырғанын көріп жүрген Зекең соғыстан бір қолынан айырылып келгенін сылтау қылып, қыста қалың қарда пары қос торы атпен ел іргесіндегі орманды жағалай, тізгінге не бола алмаған болып, жаяу отын тасытындарға із салады екен. Өйткені Тезиков деген қаһарлы орманшы ағаш түгіл, айыр-күрекке де сап та алдырмаған, тек шілік шабуға ғана рұқсат берген. Зекең болса, ауылдастарына жаны ашып, осылайша, көмек қолын

сөза білген жанашыр жан.

Соғыс жылдары шаруашылықта ер азаматтар жоқ, барлық-дерлік жұмысты әйелдер істеген. Ауылға жұмысқа шақыруға келсе, қолында нәрестелері бар және шиттей балалар бағып отырған әйелдер отырады. «Жұмысқа шақырамын» деп қамшыны жерге бір соғып, жүре береді екен. Көп кешікпей, Зекеңді сыйлаған аналар, балаларын туыс-тарына, көршілеріне тапсырып, амалын тауып жұмысқа келіп отырған. Сондай ел басына күн тұған шақта Илеупаев Зейнш ағамыз халқына адал қызмет еткен. Бұл дүние ақиқат. 1956 жылы қызметі ауысып, өз еліне кетерде, ауыл ағамызды ел болып шығарып салған екен. Бинаш ауылының азаматтары сыйластықпен қонаққа шақырып, алғысын айтып, ризашылығын білдіріп, үлкендер ақ батасын беріп, рахметін жаудырып қостасқан екен. Сол жылы біздің Бинаш ауылында Байшіліктен, негізі Баба руынан шыққан Найманбаев Дойман тұрған. Дойман жылқышы болып, баласы Файзолла бас-тауынш класстың мұғалімі болды.

Үшінші бір азамат Есентауырық руынан Төлебаев Қазбек елде бастауынш мектептің меңгерушісі болған. Қазбек Төлебаевтың бойында ерекше қасиет болған. Сөзге шешен, өте білімді, қазақ тілі мен әдебиеттен сабақ берді. Елде той-думанға, құдалықтарда жезтаңдай, күміскемей шешендігімен халықтың назарын өзіне аударушы еді. Тағы бір айтатыным, ол кісінің жұбайы Биназар қажының әулетінен тараған Оразқтың немересі Мағрипа анайымызбен отасып, шаңырақ көтерген. Үлгілі жаңуы болып, көп бала дорбиелеген. Осы күнге дейін Қазбек Төлебаевтан оқын шыққан шөкірттері жақсы сөзбен естеріне алып, жақсы ұстаз ретінде есімі ел есінде қалып отыр. 1950 жылдың басында Байшілік еліне көшіп кеткен халық айтса, қалып айтпаған ғой, жақсының аты, білімділердің хаты

ескірмес деп айтқан екен.

Сол 1941-1945-ші жылғы Ұлы Отан соғысынан кейін Зекең халықтың көрген бейнетімен мұң-мұқтаждан қажыған жылдары Алланың қалауымен, елдің көпшілігінің сұрауымен арнайы келіп, ел басқарған ғой. Өздерінің іскерліктерімен Бинаш елінің жұртшылығын бір серпілтіп, жанаша бір серімінен қуаттандырып, ел азаматтары мен қоян-қолтық қажымай-талмай еңбек еткен. 5-6 жыл ішінде көп өзгеріс енгізіп, ел жоқшылықтан арылып, адамдардың күн көріс жағдайы жақсарып қалған екен. Ете қалар жақсы азаматтың, жақсы істері ұмытылмас, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ел есінде қалса керек. Илеупаев Зейнштің алдында 1947-ші жылға дейін бас-аяғы екі-ақ жылдай Еламанов Серғазы басқармашылық қызмет еткен, одан кейін Аманжолов Қуандық болған. Қуандық соғыста көрген бейнеті бар, денсаулығына зиян келген және нақаттан нақак жалалы болса керек. Аманжолов, дәрменсіздіктен екеуі де жұмыстан босатылған екен. Әрине, ол сұрапыл уақыт сондай болған еді ғой.

Илеупаев Зейнш соған қарамастан Аманжолов Қуандықпен жасырын түрде кездесіп, ел жағдайын толық білу үшін ақылдасып, әділ шешімге келіп отырған екен. Бұл өте ақылмен істелген шара екені айтақ. Өзі басқа елден келіп, ел басқарып, елдің сенімін ақтаған нағыз ер азамат екенін танытқан еді. Аудандан келген уәкілдер көктемгі егіс егу жұмыстарын, мал шаруашылығын да, мал бағу, қысқа дайындау, шөп науқаны, астық жинау тағысына тағы толып жатқан шаруаны тексеруді өте қадалаған. Ең бастысы, елдің ішінен протиналог жинауды мықтан назарда ұстаған. Сол шараларды жүзеге асырып, елді ақсатпай ұстай білген басып, әрине, халықтың көңілінен шықса керек. Еліне, халқына қарапайым, жұмысына берік Зейнш Илеупаев адал қызмет етті. Үкіметтен еш нәрсе өзіне алмаған. Қарапайым өмір сүрген, сондықтан да ел-жұрт ол кісіні ерекше құрметтеген.

Мұндай тұғалар ел есінде еселі ерен еңбектерімен, соғыстан кейінгі ауыртпалықты қиып салқында нәубетті жылдары өз қадірі қалғанына әр салада адалдықпен маңдай терін төккен айтулы, сол заманның ардагерлері болған ғой. 1954 жылы Қазақ елінің тың жатқан жерлерді түрен салып игеруге, астықты өлкеге айналдырып, ас төресі нан көзін молайтуға, халық игілігіне білек сыбана кірісіп, келер ұрпақ үшін үлкен баға жетпес субелі үлесті із қалдырған жаңлар еді. Бірі - ауыл шаруашылық бірі мектепте білім жолында өз денгейлерін келешек жаңа заманның іргетасын нығайтып қалаған. Елдің ризашылығы мен алғысына бөленген ардақты азаматтар болған.

Сондықтан бүгін осы қағаз бетіне түсіріп отырған Зейнш ағамыз туралы естелік кейінгі ұрпаққа үлгі болар деген үміттеміз. Артына ошнес із қалдырған атамыздың есімі көпшілік оққырманға ай салар. Бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақ та игі істерімен көзге түсіп, адал еңбектерімен елестің демекші.

Нұрлан ЕЛАМАНОВ,
Бинаш ауылы.

Илеупаев Зейнштің қызы Құлбаршын, Құлжаухар, артында қалған немерелері асқар таудай әкемізді, ардақты атамызды еске алып, мақала жазған ел ағасы Нұрлан Еламановқа бастарын иіп, алғысын айтады.



ЕШКІМ ДЕ, ЕШҚАНАН ДА
ҰМЫТҚЫЛМАЙДЫ
БАЙШІЛІК АУЫЛЫ
2020 жыл.
1941-1945

Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат



БЕЙСЕБАЕВА САРАГҰЛ СӘРСЕНҚҰЛҚЫЗЫ

ӨМІРБАЯНЫ

1979 жылы 24 наурызда Түркістан облысы Төле би ауданы Керегетас ауылында дүниеге келген. Білімі - жоғары, 2000 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін (ХҚТУ), Х.А. Ясауи) «Математика» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2001 жылы Төрткөлтөбе орта мектебінде сызу, бейнелеу өнері, физика пәндерінің мұғалімі болып бастаған, содан

кейін 2007 жылы Атбұлақ ауылында интернет меңгерушісі болып жұмыс істеген. 2008 жылдан 2012 жылға дейін Ж. Қаппаров атындағы орта мектеп-интернаты директорының орынбасары қызметін атқарған. 2012 жылдан 2017 жылға дейін сол мектепте математика пәнінің мұғалімі болған. 2017-2022 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының «Октябрь орта мектебі» КММ ма-

тематика мұғалімі және директордың орынбасары болып жұмыс істеген. 2022 жылдың қыркүйегінен 2023 жылдың наурыз айына дейін Сулышоқ ауылдағы Еңбекші-қазақ орта мектебінде директордың орынбасары және математика мұғалімі болып қызмет атқарған. 2023 жылдың наурыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Еңбекші-қазақ орта мектебі директорының міндетін атқарушы болып істейді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Күрметті Успенка ауылдық округінің тұрғындары!

Маған көрсеткен сенімдеріңіз үшін, Успенка ауылдық округі әкімінің кандидату-расына кандидаттарамды ұсынғандарыңыз үшін шын жүректен алғыс айтамын.

Менің сайлауалды бағдарламам - соңғы екі жылда Успенка ауылдық округінің Сулышоқ ауылында тұратын мектеп директорының орынбасары болып жұмыс істеген, қазіргі уақытта Сулышоқ ауылының Еңбекші-қазақ орталау мектебінде директоры болып табылатын адамның көзқарасы. Осы уақыт ішінде ауыл мен округ тұрғындары мен үшін туғанымдай болды.

Күрметті жерлестер!

Менің өкімі болып сайлаған жағдайда, өз жұмысымның мақсаты - округті дамыту (Успенка, Сулышоқ, Қоскөл, Уваковское ауылдарының аумақтарын қоса алғанда). Осы мақсатқа жету үшін депутаттармен, жұртшылықпен, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен, кәсіпкерлермен және тұрғындармен белсенді өзара іс-қимыл жасау маңызды деп санаймын. Менің сайлауалды бағдарламам келесі міндеттерді жүзеге асыруды қамтиды:

- су тарту желісін жөндеу, халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін су тарту пунктін салу - басты және күрделі міндеттердің бірі. Ол үшін округтің сумен

жабдықтау жүйесін жөндеуге қаржы бөлу мәселесін қарауға бастамашы боламын;

- округ ауылдарында интернеттің сапасы төмен, ұялы байланыстың әлсіздігі байқалады, сондықтан жұмыстағы басым бағыттардың бірі сапалы байланыс және интернет қызметтерімен қамтамасыз ету мәселесін шешу болады;

- округ аумағын абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту бойынша, әсіресе, рұқсат етілмеген полигондар мәселесіне қатысты тұрақты жұмыс. Өз өкілеттігім шеңберінде округтің барлық елді мекендерінің аумағын жайластыру мәселелерін шешуге жәрдемдесетін бола-

мын;

- халықты жұмыспен қамту;
- спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды қолдау, жастардың және округтің барлық тұрғындарының бос уақытын ұйымдастыру;

Бұл менің округ әкімі ретінде жүзеге асыруды жоспарлап отырған негізгі бағыттарым мен бірінші кезектегі міндеттерім. Әрине, өмір мен бюджеттің нақты мүмкіндіктері түзетулер енгізуі мүмкін. Дегенмен, округ тұрғындарымен бірауыздан және бірлесіп жұмыс істеу арқылы біз жақсы нәтижелерге қол жеткізетінімізге сенімдімін.

Мен олардың шешімін табу үшін бар күш-жігерім мен білімімді саламын.

Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат



ЖАНСҮГІРОВА ГҰЛЖАН СЕРІКҚЫЗЫ

ӨМІРБАЯНЫ

1980 жылы 30 қыркүйекте СҚО Бескөл ауданы Новокаменка ауылында дүниеге келген. Білімі - жоғары, 2020 жылы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі әкіміне кандидат болып өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған. Атап айтқанда Партияның мүшесі.

Еңбек жолын 2001 жылдан 2003 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ маманы болып бастаған.

2003 жылдан 2005 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «На-

лобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік тілде іс жүргізуші және маман болып жұмыс істеген.

2005 жылдан 2009 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ жетекші маманы болып қызмет еткен.

2009 жылдан 2011 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, ӘЕА және салық жинау бойынша бас маманы лауазымын атқарған.

2011 жылдан 2013 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобин ауылдық округі әкімінің аппара-

ты» ММ іс жүргізу, нотариаттық іс-қимыл және салық жинау бойынша бас маман болып жұмыс істеген.

2013 жылдан 2022 жылға дейін СҚО, Қызылжар ауданы, Налобино ауылында «Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ іс жүргізу және нотариаттық іс жүргізу жөніндегі бас маманы болып қызмет атқарған.

2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласында «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ ішкі саясат мәселелері бойынша бас маманы болып жұмыс істейді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Успенка ауылдық округінің әкімі кандидатына берген шешімінің себебі, осы жұмысты атқарғым келеді, көшбасшылық дағдыларымды және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмірлік сапасын көтеру, әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындау.

Егер мені сайлаушылар өкім етіп сай-

ласа, қызметімді келесі мақсаттарға бағытаймын:

- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы және аз қамтылған азаматтарға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
- жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша

әлеуметтік жобаларды іске асыру

- ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықпен қамтамасыз ету бағдарламаларын іске асыру;

- мұқтаж адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмыс ұйымдастыру;
- округтің рухани-мәдени дамуына

жағдай жасау;

- жастармен жұмыс жасап, салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасау, балалар ойын алаңдарын салу;
- ауылға кіре-беріс-жолдарды жөндеу, кентішілік жолдарды күтіп ұстау бойынша жұмыстар жүргізу.

Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат



ТҮТҮНОВА АЙША КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ

ӨМІРБАЯНЫ

1968 жылы 24 ақпанда СҚО Булаев ауданы Булаев қаласында дүниеге келген. Білімі - жоғары, 2008 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін қаржы мамандығы бойынша бітірген.

Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі әкіміне кандидат болып өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылды. Партиялық емес.

Еңбек жолын 1987-1988 жылдары - СҚО Булаев аудандық қаржы бөлімінің мемлекеттік кірістер экономисі болып бастаған. 1988-1997 жылдары Булаев ауданының салық тексерушісі-инспекторы, мемлекеттік салық инспекциясының кооперативтік және ТҚД бақылау бөлімінің мемлекеттік салық инспек-

торы, халық табысына салық салу бөлімінің мемлекеттік салық инспекторы, халық табысына салық салу бөлімінің аға салық инспекторы, жеке тұлғалардың пайдасына салық салу бөлімінің аға салық инспекторы болып қызмет еткен.

1997-2003 жылдары Булаев ауданы бойынша салық комитетінің заңды тұлғаларға салық салу бөлімінің аға салық инспекторы, салық аудиті бөлімінің аға салық инспекторы, салық аудиті бөлімінің жетекші салық инспекторы, салық және жанам салықтар бөлімінің жетекші салық инспекторы, салық және жанам салықтар бөлімінің бас салық инспекторы, салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас салық инспекторы лауазымдарын атқарған.

2003-2018 жылдары - ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығы бөлімінің бас маманы-бас салық инспекторы, салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы, салық аудиті бөлімінің бас маманы болып жұмыс істеген.

2018 жылы «Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ еңбек нарығын талдау секторының статистигі болып ауысады.

2019 жылы еңбек нарығының бас маманы, еңбек нарығын талдау секторының меңгерушісі қызметтерін атқарады. Ал 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін - жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің еңбек нарығын талдау жөніндегі бас маманы болып жұмыс істейді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Біздің демократиялық мемлекетімізде Президент Қ.К. Тоқаевтың басшылығымен көптеген жылдар бойы барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері арасында бейбітшілік пен келісім, өзара түсіністік пен өзара қолдау сақталып келеді, экономика мен азаматтардың әл-ауқатының есуі қамтамасыз етіледі, экономикалық және әлеуметтік салаларда түрлі жобалар іске асырылуда.

Мені Успенка ауылдық округінің әкімі лауазымына сайлаған жағдайда, мен қолданыстағы заңнама шеңберінде және ауылдық округтің бар проблемаларын шешу үшін өз өкілеттігім шеңберінде бар күш жігерімді саламын. Менің жұмысым округтің мәселелерін шешуге бағытталды:

- ауылдық округ тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту, өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру;

- ауылды абаттандыру, жолдарды жөндеу;

- аз қамтылған азаматтарды, көп балалы отбасыларды және мүгедектігі бар адамдарды қолдау;
- адамгершілік пен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмысты күшейту;

- медициналық мекеменің жұмысын жетілдіру;

- жастар мен тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыру;

- бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту;
- мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру.

Успенка ауылдық округі тұрғындарының белсенді қолдауымен біз оның тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз.

Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.



Дүйсенбі, 13 мамыр	Сейсенбі, 14 мамыр	Сәрсенбі, 15 мамыр	Бейсенбі, 16 мамыр	Жума, 17 мамыр	Сенбі, 18 мамыр	Жексенбі, 19 мамыр
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д/Ф. 06.30, 04.10 ТІРШІЛІК. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ОТАНДАСТАР. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ ҚУСТАР». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.40 Д/Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.20 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 АҚОРДА. 15.45 АЛАПАТ. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ ҚУСТАР». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	ҚҰРМЕТТІ ТЕЛЕ- КОРЕРМЕНДЕР! САҒАТ 16.55-КЕ ДЕЙІН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР. 16.55 ӘНУРАН. 17.00 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ ҚУСТАР». 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА. 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 04.10 АЛАПАТ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 Д/Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ІНЖУ-МАРЖАН. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ ҚУСТАР». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д/Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.20, 03.05 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ ҚУСТАР». 20.30, 01.10 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 PARASAT MAIDANY. 02.00 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ТҮРКІ ӨЛЕМІ», Д/Ф. 06.30, 17.00 АҚПАРАТ. 07.00 ЗИНЬАР. 07.45 «АЛТЫН КАКПА». 08.30, 03.45 ШАҢЫРАҚ. 09.00, 01.05 ТЕЛЕДӨРҒЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ЖАН ДОСЫМ». 13.20, 02.15 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.00 «КӨШПЕНДІЛЕР», Х/Ф. 17.20, 01.55 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 17.40 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 20.00 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 21.45 Т/Х «МУҚАГАЛИ. БҮЛ ГАСЫРДАН ЕМЕСПІН...». 23.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ТҮРКІ ӨЛЕМІ», Д/Ф. 06.30 ШАҢЫРАҚ. 07.00 «ӘУІР ДАНАЛА- РЫ». 07.45 «АЛТЫН КАКПА». 08.30 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.35, 03.30 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 14.00 ӨЗІЛ ӨЛЕМІ. 15.30 ФОНҒАРСЫНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫғыНА АРНАЛҒАН КЕШ. 17.05 «ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ». 20.00, 02.30 АПТА. 20.50, 03.20 АҚОРДА. 21.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 21.45 Т/Х «МУҚАГАЛИ. БҮЛ ГАСЫРДАН ЕМЕСПІН...». 23.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 03.55 «КҮМІС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 13 мамыр	Сейсенбі, 14 мамыр	Сәрсенбі, 15 мамыр	Бейсенбі, 16 мамыр	Жума, 17 мамыр	Сенбі, 18 мамыр	Жексенбі, 19 мамыр
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «ДОРОГОЙ ДЖОН» Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗДІң НАЗАРДА. 10.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ҚҰРМЕТТІ ТЕЛЕКОРЕРМЕНДЕР! САҒАТ 17.00-ГЕ ДЕЙІН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР. 17.00, 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 23.30 Т/Х «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕН- ШЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.35 М/Ф. 11.25 М/Ф «МОНСИКЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕН- ШЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 МӨДЕНИ БАҒДАР. 10.20 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 16.00 Т/Х «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС. 23.15 «ХАТИКО: САМЫЙ ВЕРНЫЙ ДРУГ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.30 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «МЕХАМАТО». 12.00 «ХАТИКО: САМЫЙ ВЕРНЫЙ ДРУГ», Х/Ф. 14.00 ХХІ ГАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 15.00 АЛҒАШҚЫ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.40 СПЕЦ РЕПОРТАЖ. 22.10 «ШИСЬМА К ДЖУЛЬЕТТЕ» Х/Ф. 00.30 ӨСЕМ ӘНДЕР.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 «ҚАЗАҚ ЕЛІ» Д/Ф. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «МАГАМАТО». 12.00 «ШПШОН, КОТОРОГО НЕ БЫЛО» Х/Ф. 14.00 ӨКЕ КӨРГЕН. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 СПЕЦ РЕПОРТАЖ. 22.10 «ШИСЬМА К ДЖУЛЬЕТТЕ» Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 13 мамыр	Сейсенбі, 14 мамыр	Сәрсенбі, 15 мамыр	Бейсенбі, 16 мамыр	Жума, 17 мамыр	Сенбі, 18 мамыр	Жексенбі, 19 мамыр
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ВАСИЛКИ ДЛЯ ВАСИЛСЫ». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-2». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ДАЛЕКНЕ БЛИЗКИ». 14.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-2». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ҚҰРМЕТТІ ТЕЛЕКОРЕРМЕНДЕР! САҒАТ 17.00-ГЕ ДЕЙІН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР. 17.00 QOSLIKE. 18.30, 02.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-2». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.10 «П@УТИНА».	06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-2». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.55 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 03.10 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА». 14.00, 01.25 НОВОСТИ. 14.15, 01.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.55 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ДОКТОР СМЕРТЬ».	06.00, 03.20 ТАМАША СІТҮ. 08.10, 02.35 «П@УТИНА». 09.05 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.00 «ПИТЕР-МОСКВА» Х/Ф. 14.20 «ПЕРВОЕ ПРАВИЛО КОРОЛЕВЫ» Х/Ф. 18.30, 02.05 АЙНА. 19.00 «ИДЕАЛЬНОЕ УБИЙСТВО» Х/Ф. 20.50 «НАСЕДКА» Х/Ф. 00.20 ПОНЕДЕЛЬНИК КИНОТЕАТР.	06.00, 02.45 ТАМАША СІТҮ. 08.00, 02.00 «П@УТИНА». 09.00 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.10 ҚАЙМАҚ. 10.00 «КАМЕННОЕ СЕРДЦЕ» Х/Ф. 14.00 «СЕДЬМОЕ НЕБО» Х/Ф. 18.05 «ВЕЧНАЯ ЖИЗНЬ АЛЕКСАНДРА ХРИСТОФОРОВА» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «НЕ ХОЧУ ТЕБЯ ТЕРЯТЬ» Х/Ф. 00.20 «ТРИ АККОРДА».

Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп
қызымет еткің!
Отан үшін отқа түс – күймейсің.
Опасызда Отан жоқ.
Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



**СОҒЫСТА ХАБАР-ОШАРСЫЗ
КЕТКЕН АТАЛАРЫМЫЗДЫ
ІЗДЕСТІРЕДІ**

«АТАМНЫҢ АМАНАТЫ» қоғамдық бірлестігі екінші дүниежүзілік соғысында хабар-ошарсыз кеткен Аталарымызды іздестіріп, жерленген жерлерін белгілеу үшін тізімдерін қалыптастырады.
Өтініш беру үшін бізге келесі мәліметтер керек:
(барлық сұрақтарға жауап берулеріңізді өтінеміз)

1. Атаңыздың аты-жөні.
2. Туған жылы (шамамен).
3. Қайдан шақырылған (ауыл, село, аудан, облыс).
4. Әйелінің, ата-анасының, ағайындарының, апа-қарындастарының аты-жөнін білсеңіздер, жазыңыз. Әрбір аты маңызды, сонда іздестіру оңай (көптеген қазақ, түркі тегі, аттары дұрыс жазылмаған, бұрмаланған).
5. Ресейдің мұрағаттарында іздестіріңіздер ме? Ресейлік «ОБД Мемориал» сайтында деректер бар ма? Егер мұрағаттардан, Боздақтар Кітапханасынан, сайттардан мәліметтер бар болса, бізге жіберу керек.
6. Іздеушінің аты-жөні: туыстық дәрежесі;

мекен-жайы;
Кері байланыс үшін 1-2 телефон нөмірлері; Электрондық пошта адресі.
Барлық сұрақтарға толығырақ жауап берулеріңізді өтінеміз:

- 7. Іздеу мақсатыңыз:
 - жерленген жерін анықтау;
 - сарбаздың тағдырын анықтау;
 - ұрыс жолын анықтау.

Өтініш қабылдаушылар:
Әлия Сағымбаева, 8-701-999-78-20, ватсапта;
Райгуль Мушанова, +7-776-828-45-35 ватсапта;
Марфуза Сулейменова, +7-776-828-45-34 ватсапта;
Барлық сұрақтарға жауап беруіңізді өтінеміз.
- Өтінішті ата-amanaty.kz сайтында қалдыра аласыз.
- Фейсбукте <https://www.facebook.com/groups/atomnyn.amanaty/> сілтемесі арқылы қосылыңыз;
- Біздің <https://www.instagram.com/ata.amanaty/?hl=ru> инстаграмға жазылыңыз.

САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

**ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК
КЕШІЛІНІҢ 67%-Ы ОНЛАЙН
РЕЖИМІНДЕ ТІРКЕЛЕДІ**

Қазақстандықтар жылжымайтын мүлікке ауыртпалықтарды онлайн тіркеуді жөн көреді. Өткен жылмен салыстырғанда "Blockchain" технологиясы арқылы жасалатын мәмілелер саны 2,5 есеге артты. 2024 жылдың бірінші тоқсанында шамамен 25 мың операция жасалды.

Бүгінгі күні екінші деңгейлі банктердің платформалары арқылы келіпді (қайта келіпге қоюды) және оның тоқтатылуын онлайн режимде тіркеуге болады. Айта кетейік, бұл қызмет Астана, Алматы және Шымкент қалаларында, сондай-ақ Түркістан, Қарағанды және Алматы облыстарында сұранысқа ие.

Сонымен қатар, Мемлекеттік корпорация қарыз шарты бойынша талап ету құқықтарын басқаға беруді және шарт талаптарының өзгеруі мүмкін екендігін асыруды. Бұған қоса, тұрғын

емес үй-жайлармен келіпді тіркеу де қолжетімді болды.

Айта кетерлігі, Blockchain технологиясы банктердің жылжымайтын мүлікті келіпге алу арқылы несие беру кезіндегі несиелерді онлайн рәсімдеуді жеңілдетеді, шығындарды азайтады және өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқартады. Сонымен, Blockchain пәтерді рәсімдеу уақытын 3 күннен 1 сағатқа дейін қысқартты.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ.

АҚ ТІЛЕК

ҚҰТТЫҚ ТАЙМЫЗ!



Булаев қаласында тұрып жатқан аяулы анамыз, қымбатты әжеміз **АМАНДЫҚ АХМЕТҚЫЗЫ ҚҰСАЙИНОВАНЫ** мамыр айының 3-ші жұлдызында өткен туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Ардақты анамызға мықты денсаулық, қажымас қайрат, сарқылмас күш-жігер тілеп, ұрпағыңыздың қызығына бөлене беріңіз демекпіз.

Той-думан болсын өмірің сарқылмайтын, Бақыт берсін ешқашан таусылмайтын. Тілейміз Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, Ой-арман, ақ тілектерің орындалсын!

Ақ тілекпен: балалары, жиендері мен жиеңнарлары Айлин, Арлан, Әли, Томирис.

БАСПАСӨЗ - 2024

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлаймыз. Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы - 990 ТЕНГЕ.

Анықтама телефоны: пошта - 2-17-80, редакция - 2-21-35.

ҰЛТТЫҚ КОНКУРС

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ-2024»



Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі.

Ұлттық конкурс адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) оң бейнесін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсқа өзін-өзі ұсыну арқылы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша отбасылар қатысады.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім аудандық (қалалық) комиссияларына 2024 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін тапсырылады.

Бірінші – аудандық (қалалық) кезең (15 маусымнан 29 маусымға дейін).

Екінші – облыстық кезең (1 шілдеден 15 шілдеге дейін).

Ағымдағы жылдан бастап облыстық комиссиялардың шешімдері негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі.

Толық ақпаратты «СҚО әкімдігінің Ішкі саясат басқармасы» КММ сайтынан алуға болады www.dvp.sko.gov.kz.

<p>Директор - бас редактор Нелья ГОЩАР</p> <p>Газеттің өңірлік нөсі: «Газета «Весты» ЖПС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan juldzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Тарауына - 680</p>	<p>Газет аудан өкімінің, аудандық мемлекеттік тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады</p>
--	---	--	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жауап беруді жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғалжабалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәшігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәсележі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады